


бейи  
негуарлар

# ӘБДУ САРСЕНЖЕЛАЕВ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР



БАСТАУЫРДЫРЫЛГАН  
БИРЖАНАН ОДАСЫНДЫРЫЛЫП  
КЕЛДІРДІ

Казаста "Тоз-жылдың үлесін" көтөрдүү  
Аудиодан сондайлык берген боялса көрсөткөн  
бэлгү Серенбековтың тоны жөнө азайып  
болжуулдаштырылған түштүк болгон тобы. Ал біз  
"Політ" А-студияның орталығында 2005-жылдан — оны  
болжуулдаштырылған түштүк болгон тобы. Төкөнбек

# ӘҮ САРСЕНХЫАЕВ

туралы  
есептіктер

Аудиодан сондайлык берген боялса көрсөткөн  
бэлгү Серенбековтың тоны жөнө азайып  
болжуулдаштырылған түштүк болгон тобы. Ал біз  
"Політ" А-студияның орталығында 2005-жылдан — оны  
болжуулдаштырылған түштүк болгон тобы. Төкөнбек



**ББК 84 (5Қаз)  
С 28**

*Кұрастырган  
Райхан Эбугалиқызы Сәрсенбаева*

**С 28** Әбу Сәрсенбаев туралы естеліктер. – Алматы: “Білім” баспасы, 2005 ж., – 240 бет. + суреттер 8 бет.

**ISBN 9965-09-331-8**

Қалың оқырман қауымға арналған бұл кітап халқымыздың көрнекті қalamгері, өзі де, өлеңі де ақша бүлттай таза, адалдықты ардақтап өткен Әбу Сәрсенбаевтың (1905–2005) азаматтық, ақындық келбеті жайында сыр шертеді. Қазақ халқының классик жазушыларының, Әбекеңмен қатар жүрген құрбыларының, замандастарының, коз көрген ізбасар іні-қарындастарының жүрекжарды сырлары мен зерттеу мақалаларын ақынның 100 жылдығына орай жинақтап, ел-жұртына ұсынып отырмыз.

Әдебиетіміздегі үлкен тұлғаның бірі Әбу Сәрсенбаевтың қalamгерлік келбеті жас үрпаққа тағылымды болатыны сөзсіз.

**С 4702250200  
412(05)-05**

**ББК 84 (5Қаз)**

**ISBN 9965-09-331-8**

**© “Білім” баспасы, 2005**

## ТОҚСАННЫҢ ТОЛҒАУЫ

Той... Той да той! Қазақта “Той тойға ұлассын” деген тамаша тілек бар. Құдайдың сол тілекті бергені болса керек, той көбейді... Әбу ақын Сәрсенбаевтың тойы және анау-мынау емес, ағамыздың тұра тоқсанға толған тойы. Ал біз болсак, Жамбыл феноменін өз алдына қойғанда, көзі тірісінде тоқсаның тойлаған қазақ ақынын көріп отырғанымыз — осы.

Демек, бүгінгі сөз — жай сөз емес, толғау. Тоқсанның толғауы! Ендеше, бұл тойдың сауалы қызық қана емес, қын.

— Қалай толғау керек?

Бүгінте дейін мұндай сұраққа да онша қинала қоймаушы едік. Жамбыл атамыздан Жаппар ағамызға дейін, оданбылай тағы да жапа-тармағай, әйтеуір, ақын атаулының тұған күнін тойласақ болғаны, есіле, көсіле мақтап, марапаттай жөнелуші едік.

Біздің осы шағымызға биыл Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың айрықша назар аударуымен ЮНЕСКО арқылы бүкіл әлем қолемінде дүркіреп өткен Абай тойы күрт өзгеріс енгізіп кетті.

Қандай өзгеріс?

Әдебиет — ардың ісі. Қайталанбас ғажайып және мәңгілік көркем туындылары тұған халқының айдын-дария арына айналған алып ақын бір ғана ортадағы мақтау-марапат дегендерден аттап өтіп, құлшы дүниежүзілік саф таза сұлу өнердің мақтаныш-мерей биғіне бір-ақ секіріп шықты да, Гете мен Пушкинге ишк тірестіріп тұра қалды. Құнанбайдың Абайы, өзі айтқандай, “Әкесінің баласы” емес, “Адамның баласына”, бұдан да гөрі дәлірек айтсақ, арманы заңғар адамзаттың Абайына, қасіреті мол қазақ ұлтының дәл әлгі контекстегі ақыл-ойына, ар-ожданына, абыройына осылай айналды.

Осы шындықты “Ұлы тойдың ұлағаты” деген аса ойлы мақаласында Республика басшылығы атынан вице-премьер Иманғали Тасмағанбетов былай қорытты: “Абай — біздің ұлттық мәдениетіміздің ұлы шыңы ғана емес, ол біздің арнамысымызға, өмірлік өлшемізге, ұлттық идеологиямызға айналған рухани абызымыз. Пікіріміздің пірі, рухымыздың туы”.

Біз өрбір әдеби эстетикалық құбылышқа осы биіктен қарап, талант тойын осы түрғыдан әрі сыншыл толғауымыз шарт! Сонда ғана, мысалы, тоқсандағы Әбу ақында тану және таныту құр даңғаза той емес, той үстіндегі ойға көшеді. Ақын һем ақындық туралы түйін-тұжырымдар тамсанудан емес, талдаудан туындаиды. Осыны Әбу ағаның өзі де қатты ескертіпти:

Мен білмеймін — жаманмын ба, жақсымын,  
Мен келгелі бүл әлемге  
Талай тандар атып,  
Талай батты күн,  
Алтын таулар орнаттым деп  
Мақтануға қақым жоқ,  
Еңбекпенен өтті әйтеуір жастығым.  
Ұзақ жасап, бітіргенім аз болса,  
Сақалымның сата алмаймын ақтығын.

Дұрыс-ақ. Біздің ойымыз да осы: талант иесінің мақтаудан гөрі мақтануға лайық сыры мен сымбатын, қадірі мен қасиетін іздел табу. Дей түрғанмен, тап осы жолы, әрине, өзгелер бет алды мақтамай-ақ қойсын, бірақ ақынның өз басының “мақтануға қақым жоқ” дегені дұрыс емес. Керісінше, әбден қақы бар.

Неге?

Алдымен, тоқсанға тірі жетудің өзі ерлік!  
Бүгін мақтанбауға болмайды.

Ғабит ағамызың бір көңілді отырыста ойын-шыны аралас:

— Жігіттер! — деп еді өз әдептімен ыргала, ыңырана сөйлеп, — жігіттер, ерліктерің жетсе, сексеннің бесеуіне дейін өмір сүріп көріндер. Ал одан әрі құр “көлөкәйттің” қажеті жоқ.

Өзі сөйтті. Өзінің досы Ғабиден ага да солай етті. Ал Әбекен Ғабен белгілеген межеден бес жыл асып түсті және жай асқан жоқ, сол соңғы бес жылдың ішінде бұрқыратта жазып, бізге “Фасыр мен фасыр беттессе” деген қол-аяғы балғадай бір том жыр жинағын ұсынды.

Бұған қалай мақтанбасқа!

Мақтанбауға болар еді, егер бүл кітаптағы өлеңдер, айталық, осы ақынның бұдан қырық жыл бүрын жазып-бастырып шығарған “Милиардтың ізімен” деген кітабындағы шындықты сол кездің жасанды жалан ұранымен жалаулата, бодандықты бостандыққа сайып желпілдете жырлаған желғабыз жазбалары секілді болса!... Жоқ. “Фасыр мен фасыр беттессе” жинағында ақын, “Желпілдеген ала ту жирырылып, ойға түскен күн” деп Махамбет айтпақшы, осынау тоқсан жылдық мерейтойды тойлауға жиналған дүйім жүрт алдында

өзінің ғасырға жуық өмір жолына “жанаша ойлау” түрғысынан терең толгана қарап, шығармашылық есеп береді. Сонда оның өнергес көшкен ұзақ өмір жолы өзі ғұмыр кешкен дәуірдің айнасына айналады.

Әбу шығармашылығының таным тарапындағы мәні мен мазмұны осы арада жатыр.

Жарық дүниеде тоқсан жыл жасаған Әбу аға өзін үстіміздегі жұз жылдықпен құрдаспын, тіпті одан үлкенмін деп ойлайды. Неге десеңіз, 1905 жылы Сәрсенбаев келгенде XX ғасыр басталған жоқ-ты. Сол кездегі саясатқа бақсақ, жаңа ғасыр 1900 жылғы қантарда емес, 1917 жылғы Қазандан—жер-жананда Ақыраптің төңкерісінің женісін паш еткен “Аврора” дауысынан басталды. Сөйтіп, жаңа ғасыр жетпіс үш жыл әрі қызын, құрделі, әрі ауыр, азапты тіршілік кешіп, тоқсаныншы жылдардың басында-ақ оп-онай күйреп, құлап түскен Қызыл империяның қызығылт ғасыры болды. Тағдыр Әбу әл-Атырауды да осы ғасырдың ұлы, осы дәуірдің үні ғып жаратты. Сондықтан да Әбу прозасы осы дәуірдің сырьы, Әбу поэзиясы осы ғасырдың жыры болмауы мүлде мүмкін емес еді. Сондықтан да оның “Толқында туғандар” романы Кеңес өкіметін орнату һәм орнықтыру әрекетін байыптаиды. Ал өлеңдері мен поэмалары өз замандастарының “жарқын келешек” жолындағы “жан қиярлық” күресін кестелеп, кеңестік отанды жаудан қорғау шайқасындағы сұрапыл ерлігін суреттейді. Осыған қарап, Әбу прозасы мен поэзиясының таным тарапындағы мәні болғанмен, қазіргі жаңа заманға лайық тәрбие саласындағы маңызы осал деп, оны қираған Қызыл империяның құліне көміп тастауға бола ма?

Тоқсандағы Сәрсенбаев шығармашылығы туралы толғанғанда біздің алдымызда тұратын ең үлкен сұрап осы!

Рас, Әбу Сәрсенбаевтың бас кітабы “Толқында туғандар” романы былай аяқталады: “Лениндік армияның революцияшыл солдаттары — біздің әкелеріміз. Біз, лениншіл жас жеткіншектер, олардың тарихи ісіне қомекші боламыз. Қандай мактанды, қандай бақыт!” (Бес томдық шығармалар жинағы, 1982 жыл, 3-том, 414-бет).

Бүгінге Ленинге, Ленин партиясына, Қазан революциясына көзқарас қандай екені әмбебеге аян. Соның ыңғайымен Сәрсенбаевтың әлгі создеріне қол сілтейміз бе, қайтеміз?!

Тоқсанның толғауы дегеніміз, тойлау үстінде толғана ой ойлау дегеніміз осы және мұның өзі тек Сәрсенбаев шығармашылығына ғана емес, тұrlаулы тұлғаларының бірі болып табылатын құллі Қазан кеңес әдебиетіне байланысты ой-толғаныс деп түсінуіміз қажет.

Тарих дәңгелегін көрі айналдыру, яки халықтар тарихын қайта жасау қандай мүмкін емес десек, кешегі Кеңес Одағына біріккен халықтардың көркемдік даму тарихында көп үлтты кеңес әдебиеті, яки социалистік реализм әдебиеті деген сөз өнері болғанын, оның ту ұстаушылары Одақ қөлемінде Максим Горький мен Владимир Маяковский, қазақ топырағында Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов болғанын жоққа шығару сондай мүмкін емес.

Туган әдебиетіміздің осы бір ғасырга жуық Кеңес дәуірін қалыптастырған сардарлары — Сәкен мен Сәбит; солардың сонына ерген көп сарбаздардың бірі — Әбу. Мұны Сәбит аға елуте толғанда Қасым ақын былай жырлады:

Сәкелеп ердік соныңа,  
Мәпелеп бақтың біздерді.  
Бастап бір түстің соныға,  
Қумадық ескі іздерді.

Сол дәуірдегі әдебиет сардарлары мен сарбаздары, Аманжолов айтқандай, көне іздерді тастап, соны соқпаққа түсken “тар жол, тайғақ кешүде” (Сәкен) адасса — жаппай адасты; қателессе — жаппай қателесті. Бұған жеке адам емес, жалпы қоғам, жалпы заман кінәлі.

Бірақ әдебиет — қашанда әдебиет, ол өзінің көркемдік таным тарапындағы, эстетикалық тәрбие саласындағы ұлы миссияның сол кездің өзінде танған жок. Кеңес әдебиеті — Кеңес дәуіріндегі шым-шытырық, шытырман шындықтың шежіресі және жай емес, көркем шежіресі. Сол үшін кеңес жазушылары өз ғасырындағы омір шындығын өнер шындығына айналдыра шындал қана қоймай, келер ғасырлардың жады үшін шегелеп қойды. Сол шегеленген шындықты танып-білмесек, біз өз басымыздан отіп бара жатқан осы ғасырдың шыргалаң сыры мен сипатын танып-біле алмаған болар едік.

Осы түрғыдан қарағанда, Әбу шығармашылығы — өз дәуірінің айнасы. Бұл айнаның бетінде Әбу дәуірінің алуан-алуан күнгей мен көлеңкесі, дұрыстығы мен бұрыстығы, жетістігі мен кемістігі қатар көрініс тапқан. Көркемдік жағынан келгенде, керағар қайшылықтар, идеялық жағынан алғанда, аласапыран адасулар... — бәрі-бәрі осы айнаға шұбартқан сөулесін де, мұнартқан коленкесін де тұтас түсірген. Ендеше, “Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме” деген қағидага бәріміз де кол қоюға тиіспіз.

Тоқсанның толғауынан туатын бірінші түйін — осы.

Екінші түйінді биыл шыққан жаңа кітабының беташарында тағы да ақынның өзі айтқан және азы болса да

ашып, ашық айтқан: “Кешеге дейін өзімізді өзіміз қорлап, біздің өткеніміз болған жоқ, тарихымыз тек Кеңес үкіметінен басталады, біздің бетке ұстарымыз болмаған, мал сонында қанғып жүрген жабайы, меніреу халық едік, тек ұлы орыс халқының арқасында ғана жер бетінен жойылып кетпей, аман сақталдық, патша үкіметі Атамекенізді отарлап, бізді құрып кетуден сақтады деп келдік. Қазақ хандарының бәрі жауыз, қанішерлер, қазақ жырауларының бәрі керітартпалар, ал орыс патшаларының бәрі шетінен дана, шетінен халық қамқоршысы деп сандырақтадық. Бізді солай сандырақтатты.” (“Фасыр мен ғасыр беттессе”, 1995 жыл, бет).

Бұл негізінен дұрыс пікір. Бірақ тым қatal тұжырым, әсіресе қаңтардай қалышылдаған соңғы сөздері қatal. Өзіміздің өткенімізге, яки халқымыздың өткен тарихына бұлай оқ атпауымыз керек. Бұлай оқ ату, женіл айтқанда, қожанасырлық! Қожанасыр қаранғыда ағарандап ітүлі тұрган кейлегін ұры екен деп қалады да, туні бойы атқылайды. Таңертең тұrsa — өз кейлегі, шүрк-шүрк қырық тесік: “Сүмдыш-ай, мына көйлектің ішінде өзім болмағаныма шүкір”, — деп жағасын ұстапты.

Ал Әбекен лағынет айтып отырған Кеңес үкіметі кезінде сол кеңес шындығын жырлап өзі де жүрді. Рас, адасса, жүртпен бірге адасып, біраз алданған, сандалған шығар, бірақ сандырақтаған жоқ. Сандырақ — Сәрсенбаевтықі емес, Солженицындікі. Ол, мәселен, Кеңес кезін көзге тұртсек көргісіз қап-қара түнек деп біледі. Сол “түнекте” тіршілік етіп, “түнекті” жырлаған Шолоховты жазушы емес, жәдігей, жарымжан көреді. Сонда сол түнекті серіпкен өзінің “үрме жазбалары” секілді...

Жоқ, көркем әдебиеттің табиғатын, әдеби шығармасының психологиясын тереңірек түсінетін адамдар болсақ, мұндан үшқарылықтан, кың шетке шығандап шығып, лағып кетуден сақтануға тиіспіз. Ол үшін Ңекрасовқа жүгінген жөн:

Ақын болу шарт емес,  
Азамат болу — міндетін!

Немене! Некрасов осының ақындық азаматтықтан кем нәрсе болғасын немесе өзінің ақындығы азаматтығынан осал болған соң айтқан ба? Жоқ, өте-мөте ірі, тіпті ұлы ақын болған соң айтқан.

Ірі ақын, ұлы ақын — әрқашан азамат ақын.

Осы үғыммен өлшесек, Әбу Сәрсенбаевтың аса көрнекті ақындығы орасан биік азаматтығында жатыр.

Әбу Сәрсенбаевтың тоғыздан тоқсанға дейінгі саналы өмір

жолы — тап-таза адамдық, азаматтық сапар. Ол тоғыз жасында теңіз жағасындағы балық батағасында табырашы бала болып, тұнғыш рет еңбекпен табысты. Адамды адам етегін — еңбек, еңбек есейткен кіслікті кісі қайтадан ардан туады да, арман қуады. Арман, яки асқақ мақсат адамды азаматқа айналдырады. Азаматтың асыл мұраты — халық қамы; елге қызмет ету. Эбу Сәрсенбаевтың осы мағынадағы азаматтығы ақындығымен астасады да, оның қаламынан екі том өлеңдер мен поэмалар, үш кітап әңгімелер мен новеллалар, екі роман туады. Бұған жоғарыда аталған, биылғы “Фасыр мен фасыр беттессе” жинағын қоссақ, алты том әдеби көркем қазынаның өн бойында құс жолындаі сайрап, азамат ақынның тоқсан жылға созылған ғұмырнамасы жатыр.

Асылы, суреткердің шығармашылығы оның ғұмырнамасымен тығыз байланысты. “Мен ғұмыр бойы тек қана өзімді жазып келемін”, — деп Валентин Катаев айтқандай, жазушы шығармашылығы — оның автопортреті.

Біз Әбекенің туған күнін елуінде де, алпысында да, жетпісінде де, сексенінде де тойлаптыз. Сол тойлар тұсында өлті томдарды жан-жақты таңдал, сол томдар арқылы жасалған Әбекенің автопортретін әділ әрі адал бағалап, сайып келгенде, автордың өзін алақанға салғандай аялап бағыппыз.

Сол талдауларымызды бұл жолы да ұзақ қайталап жатпай, талғам, толғамдарымызды қысқа түйіп, тоқсанын тірі тойлап отырған ірі ақынның шығармасы туралы түжырымды оның өз атынан Ұлы ақынның аузымен айтып:

Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,  
Ел ізі оған салған сүйір білмес... —

десек, мұны ешкім Әбекене артық кетті дей қоймас. Алда-жылда өлдекім “артық кетті” деп қоймай қойса, “қолдан келмес” деген екі сөзді алып қала тұрармыз, бірақ басқасына тимейміз.

Бұған тек бір-ақ қарсылық болуы мүмкін:

— Кісі көзі тірісінде өзіне өзі ескерткіш орната ма еken?

Біздің жауабымыз:

— Орнатқанда қандай! Пушкин өзінің “Ескерткішін” көзі тірісінде өз қолымен жасаған.

Талант тағдыры өрқашан солай!..

Зейнолла ҚАБДОЛОВ,  
Қазақстанның халық  
жазушысы, академик.

“Егемен Қазақстан”, 21 қазан, 1995 ж.

## ТОЗБАЙТИН ТОЛҒАУ

Көркем тірліктің көзі ашық, кекірегі сергек михнат көші өзінің тоқсан жасын үздіксіз іспен тоғайтқанды қазақ интеллигенциясы өз шоғырынан көріп-білген емес. Ауық-ауық қатты сілкінетін таулар тарихындағы айтып келмейтін апат арты да өзінің кейінгі тылсым тіршілік жүйесіне көбінше берекелі биік пен еңіс, шұрайлы жазықтар жасап қалдырады. Әлті мөлшердегі ата жасының жартысын да бүйіртгай тағдыр тәлкегіне душар еткен ақын-жазушыларымызың ізін ала келгендерге Алла тағаланың бүл да бір сондай рахымы мол өнікті өтеуі шығар. Тоқсанға һәм соған жетегабыл ағалар тізбегін көріп отырып, мен омір занының осындай жағын да ойлаймын. Өйткені қарымды қalamгер толтырған тоқсаныңыз алдымен аузы дуалы, қаламы қағылез абыз арнасын кеңейтеді. Халықтың рухани қазынасы да көбінше солардан өнеді. Тұрасына қөшсек, бүл біздің үзіліп қала жаздаған үдеміз. Еңкейе, үнсіз отырып ойларға берілгенде, елдің ертеңімен қалыптың қауышатын көретен қария көз жұмғалы не заман! Бәлкім, сол сөүегейдің атқан таңмен бірге хатқа төгіп, сөт сайын оқылып отыратын лебізі осы ағалардың жан дүниесінен сыртқа сыр аңғарта бастаса ше?.. Тіпті “бәлкім” емес-ау, көргеніне әділ куәлік ете алатындар оны қазірдің өзінде байқап та үлгерсе керек (“Мен кешеден келдім бүгінге” — Ә.Тәжібаев, “Фасыр мен фасыр беттессе” Ә. Сәрсенбаев...).

Бүл жолғы әңгімеміз өзінше біртога, қызық адам хақында. Ашы-тұщы өмір сабағын әркім өз мүмкіндігіне қарай пайдаға асырады дегенде, біз бастапқы, атаның қаны, ананың сүті дарытқан мүмкіндікті айтатын-ақ шығармыз. Бүгін тоқсан жасына тоқырамай жеткен, еңбегін ел меншігіне қошіру үстінде көрініп те көңілін көншіткен Әбу ага (Әбугали) Сәрсенбаев сол бастапқы болмысында баршаға баладан бетер иланбақ үшін жаратылғандай. Оның ойынша, адам атаулы оған адальынғана айтады. Қуанышына келсек, онысы — құдды құл мінездес: лебізінен рахым райы белгі берсе — сөз бітті — ол сені құшырлана құшақтап, бетіңен сүйеді. Ал шындық шіркін ойлаған жерінен шықпай қалғанда басқаша бапқа көшсе, ол оның өмір сабагынан жинақталған, әділ емес әрекетке қарсылығы деп түсінбек керек. Сондай жағдайда ол өз бойында жоқ деп жүрген қаталдыққа да қайран қалып, әсіресе әбігерге ұрынады. Осыны байқамасам, мен Әбекенің баяғы алпыс жылдығында:

Әбу ақ қой шағала, желкеннен де,  
Қуанғанда сүйеді ол желкеңнен де.  
Ақша бұлтқа қарайды ол аспандағы,  
Жердегі бір пасықтан жиіркенгенде, —

деп жаза алмас та едім. Әлгіше тұмыстан, тұрмыстан жинақтағанның қосындысын қорытсақ, осы арада сен тиіспегендеге — мойны бос момақан, намысына жұғыссан — өз қайратына өзі нанбайтын нағыз қазак жатыр. Осы бір нағыз қазак ақын болып, жазушы болып, жас үрпакқа окулық та жазып бере алатын педагог-жазушы болып жаратылса, оның халық мұддесімен қабысқан жерінен жік табамыз деп бос әуреге бой алдырудың қажеті қанша?!

Әбекенің шығармашылық өміріндегі бары мен зары түгелдей халық қолына көшіп болғаны туралы жоғарыда айттық. Мен түрлі жанрда жазылған сол қазынаның негізінде бірімен бірі сабактас үш сала жатқанын ғана еске түсіремін (жарға, ерге, елге құлаган махаббатының бәрі соның ішінде).

Бұл кісі — балықшы баласы, өзі де балықшы болған. Құндағынан бас шығарып бастапқы көргені—теніз. Шығармашылығында терең түбін түптемей тынбаған тақырыбы да — теніз. Ұлы өзеннің тенізге енсеріле құлаган жерінен “Еділ толқыны”, “Ақмаралдың жүргегі” атты дастандар туып, Әбекенің ақындығын оқытса, “Толқында туғандар” мен “Теніз өуендері” оның роман ауқымынан шыға алатын шежіре жазушылығын, ал “Теніз махаббаты” драматург екендігін елге танытты. Менің шамалауымша, Әбекен поэзиясының лирикалық жан жүйесінен өте жиі ұшырасатын теніз тебіреністері ақынның ой тереңдігіне өлшем болғандай. Ақ бас толқыннан “Ақша бұлт” арулар басындағы шаршыдай шаңқан шалқыса, қалың қара бұлттар қорғасындар ауыр ахуалдарға қызмет қылады. Белгілі бес томдығының қай тұсында да теніздей телегей толғаныстардан қalamгер қайрат жинайтуғын, балық батагасындағы озбырлыққа қарсы күресте жетілген балықшы тұрмысы аңгарылып, басқаша бағыт ұстағанда соған да басшылық ете білген кеменгер кейіпкерлер Әбекен шығармаларында көркем бір көрме залын толтырғандай болған. Сөйткен теніз жыршисын бүгінгі құрдымға бет алған Арап, тартылған талай дариялар, уланған толқындар, ол аз дегендей, төңірегін түгел жалмап жүтқалы бас көтерген Атырау тенізінің аждаға мінезі шерменде күйге душар еткенін оның соңғы парактардағы пақырана күрсінісінен және көріп отырмыз.

Әбекенің бір сәт тізгінін босатпай берік үстайтын, қайта айналып соққан сайын жаңа ойларға ойысып отыратын тақырыбының бірі — өзі қатысқан Ұлы Отан соғысы оқиғалары, сондағы женіске жетелеген ерлік пен бірлік көріністері. Осыдан біраз жыл бұрын “Қасиетті махабbat” атты өлең-роман жанрына келіңкірейтін еңбегінде мұлде бір жаңа, тартымды тәсілмен сол соғыс туралы жылнама, шешен

шежіре жариялаған еді. Одан кейінгі публицистикалық толғаныстарында ұлтаралық қатынастар төңірегіндегі адамның жарым жасын кемітетін опасыз қылықтарды — есіктен кіріп, төр менікі дейтіндер сыйылдыны кінәраттай отырып та соғыстағында жандар жарастырын аңсайды.

“Жар рухымен сырласу” делінетін дастаны арқылы өзінің ең бір ежелгі арнасы — махаббаттың құдіретті қүшін тағы да алға тартады.

Поэмадағы асыл жардың өмірдегі өзін көрсем-ау дейтіндер де болуы мүмкін. Әрине, бұл арада жардың сиқырлығы, сыры, тартымды табиғаты да жаңағыдай жақсы адам бітіміне бірегей тәнті қылмақ өз алдына, бұнын бұлайша егіле-төгіле жаратылуының басқа да бір жағы барын жүрттың бәрі біле де бермейді. Оны мына бізден сұраңыз. Біз сізді талайғы таныс аяулы апаңызben табыстырсақ, оның рухымен өзініз де жеке шүйіркелесіп, бәлкім, оған сіз іштей бүгінгі тіршіліктің бағзы бір тігісі сөгіліп тұрған жерлерін айтып, шама келгенінше шағынып бағарсыз. Бұл кісіні өмір бойы Шығыс қызының шырагданын жогары көтеріскең атақты журналист Ләзиза Серғазина апаңыз деп білініз. Егер сол кісі Әбекеңнің сүйікті зайды болмағанда, сонау “Ақмаралдың жүргегінен” бергі жердегі ағыл-тегіл махаббат хикаясы тап сол өз дәрежесінде жыр достарының жан жүйесіне отты қуатымен орныға алар ма еді? Осының өзі — өз алдына дербес тұрған бір жауапсыз сұрақ... Лезкен қыын, қызық делінетін тауқымет те, тамаша да кезеңнің бәрін бастан кешірген баяғы Қызыл отау қызы еді ғой. Ақын оның қадір-қасиетін қазбалай жоқтаса, оның да басты себебі бір ғана жалғызырауда жатқан жок (Құдай ісіне құм шашпақ та жок). Әйелдің жақсы қылығымен жан тоғайтып дағыланған ақын осы шығармасының өзінде-ақ шолақ қабілеттен қатты шошынады. Оны оқып отырғанда сіз өзініз-ақ бүгінгі баянсыз некелердің бет передесін паршаласам дейсіз.

Әбекенді кеудесінен қарс айыра күрсіндіретін махаббат азасы туған жерді — қазақ жүртүшің қасиетті мекенін шексіз суюімен сабактас жатыр. Оны өз алдына таратып айтпай-ақ, ақынның тағы бір экологиялық әлегиясынан көреміз. Айтып отырған шығармам — жаңағы сөз басында жақшаша ішіне алынған — “Фасыр мен фасыр беттессе”. Бұнда табиғатқа ғана емес, адамның өзіне, оның бүкіл болашағына төтесінен төнген апат сөз болады. О баста бұл шығарма “XXI фасыр перзентінің жан дауысы” деген атпен жарық көрген-ді. Атының өзінен-ақ байқап отырған шығарсыз, абыз қартыңыз әлі дүние есігін ашпаған, ұлты қазақ перзентінің жан түршіктіре шырқыраған құлындағы даусына құлақ түргізеді:

“Баяғы замандардан соры арылмаған осы халыққа мынау мыстар ғасыр опа берген бе, сірә?.. Дүниеге келе қалғанда мен қандай күй кешермін?.. Басар жер, ішіп-жерлік несібем, жұтар ауам у болмаса нетсін?! Ол тұргай, әусілім, тағдыр маған адамға тиесілі жеті мүшені түгел бұйыртар ма?! Тіпті осы халықтың өзі бүтін қүйде өмір сүрдім дей ала ма екен?.. Осынау қатығез ғасыр тең жартысын қырып салғанда, қалғанын қалай бүтін деп санауға болар?..

Усойқы кезең жұртын соңынан ерткен ерлерді екі талман, бір жұтқанда, басқаларының иығында қалған басы қайсы? Құр бекер кеудемен кимелеген бассыз нәсілде баба болған ба? Бабасыз өскен баланың ұлт, жұрт болғанын кім көрген?..” — Ақын дүниеде жоқ сәби Пірін осыншалық үреймен жыр қанатына қондырып алып, зар биікке зауласа, сіз де одан үзіліп қала алмайсыз... Ендеше, сіз осы арада, сөз басында “әлдекашан көз жұмғаны” айтылған косем сәуегеймен кездесіп те қалғандайсыз. Шенбері шексіз кең жатқан кемел махабbat деп осыны айтсак керек!

Қиыл-қиыл кезеңдерде ат құрғатпай жол жүргүре дағдыланған елдің әлеуметтік өміріне етене араласып әбден ысылған қалам һәм қоғам қайраткері осынау сын сағаттарда ашық айтыстарға белсене араласуын токтатқан жоқ. Әсіресе, әлсіреп қалған қазақ тілінің, мешеулеген мектептердің тағдыры оны ерекше аландағы. Әбекенің бір кездерде баспа жұмысын басқарып, оқулықтар жасасқанын әлгі бір сөз арасында да аңғарттық. Елдің осы бағыттағы жоғын жоқтан, альс-альс сапарларға шығып кетіп жүрді. Көрмей қалған көз, журмей қалған аяқ, босап қалған буындар қай сағатта да мазасыз шал жарлығына шарасыздан қонді. Осыдан аздаған жылдар бұрын ол Астрахань облысындағы қазақ елін аралап қайтқан бетінде үкімет басшыларына тұра мағынасында жылап барған, эфир мен телез экранды үсті-үстіне пайдаланғаны да бар.

Еңбегі зая кетпеді. Іске жауапты азаматтар сол өнірге барып қайтқаннан кейін қазақ тілінде мектептер ашылып, радиоторабы іске қосылды, аймақтық қазақ газеті өмірге келді. Сол кезде жазылған бір мақаламда осы бір өнегелі іс өркенін үзартып, республика жерінен сыртқары жатқан өзге тарантардағы қазақтар тұрмысына онды әсерін титізсе, тамаша болар еді деген едім.

Аяулы ақын-жазушыларымыздың тірлігінде төнірегіне шам жарығында шашыраған шарапатын құнделікті өмірімізде ауызекі айтысып, естелік түрінде жазып та жүрміз ғой. Арамызда ардак тұтып отырған Аға кісі туралы да осындай бірер ауыз жылы лебіз білгізсек, одан шындық шырайланбаса,

жұтамасын білудей-ақ білеміз-ау... Кісінің үстінен кінәрат сөз жүгіртпесе, іші ауыратын біреулер де болады-ау... Сол біреулердің біреуі бір орайда ұлмай-қызармай, осы адамды да жершіл-жікшілдер қатарына қосты. Егер соның қиқымдай шындығы болса, тұған топырағымыздың жуықтастығы үшін-ақ мен бұл кісіден бойымды аулақ ұстар едім. Жаңағыдай “Әбу ақ, кой шағала, желкеннен де” деген сөзімді жалпыға жария түрде қайтып алар едім. Қаратай маңайының Зияш Қалауовасы, Талдықорғаның Қанипа Бұғыбаевасы — екеуі де осы үйдің бой жеткен қызы болатын. Екеуін де әке Әбу, аяулы ана Ләзиза оз қолдарынан үзатқан. Екеуі де осы үядан ақын болып шықты. Жезқазғаннан Баубек Бұлқышев, тагы да Талдықорғаның Құдаш Мұқашевы, Ақтөбенің Куандық Шаңғытбаевы, Жымпітының Абдолла Жұмағалиевы — бәрі де Әбекенің әр жерден теріп дегендей, өз үйіне жетелеп әкелген жеткіншектері болған. Аталғандардың ішінде майданда қаза тапқан екі марқұм өле-олгенше осы үймен хат жазысып, майдан газетіндегі Әбекенмен де байланыстарын үзбеген. Осыдан артық оған қандай мінездеме қажет?!

Құбылмалы құлқы мол тентек теңіз үстінде он екі-он үш жасынан дүлей дауылдар азабын күн демей, түн демей, үлкендермен бірге бөліскең кісі елгезек те бейнеткер дағдысынан бір сәт жаңылмаған ғой. Кәрілік төсегі қимыл-әрекетін қысқартып тастаған бүгіндері де жалғыз қызы Райханға түннің бір уағында ойына оралғанды сол мезетте қағазға түсірттін көрінеді. Осы қылышы мынадай бір эпизодты менің есіме еріксіз түсіреді:

Бұл адам жалпы жағдай тығырыққа тірелгенде, тұра мағынасында, озін озі ұмытқан ғой. Баяғы оқулық шығаратын баспа директоры кезінде жанын сірідей қысқан қауырт жұмыс бұның өзін де, қарауындағы өзгелердің екеу-үшеуін де түнгі жұмысқа жеккен. Сондай құндердің бірінде, түнгі сағат екілер шамасында Қазақстан Компартиясының сол кездегі бірінші хатшысы Шаяхметов (ол кісі де түнгі жұмысты құндізгіден кем пайдаланбаған) телефон соғып:

— Бұл кім? — десе керек. Қолжазба әуресімен әбден қалжырап отырған Әбекен әкесінің атын да қапелімде есінс түсіре алмай, сондағы бар тапқан амалы:

— Эй, айтып жіберіндерші, осы менің фамилиям қалай еді?..

Алыс-алыс гүлдерден шырын тамшыларын тасыған бал арасындағы қазақ тәржімешілерінің бірі де — осы Әбекен. Бұл кісі қазақ тіліне аударғандардың А.Пушкин мен М.Лермонтовты, Ш.Петефи шығармаларын атасақ та жетер. Әңгіменің ақырында оны да айта кетелік. Аударма түргай,

түпнұсқасының әлі оқылмаған талай дүниесі “қарт қойнында қалаш” күйінде қалып тұр.

Ел пайдасына сарқа жұмсалған мәндай тер, табан ет дегендерініз есте елеусіз қалған ба, салтанатты сағаттарының бірінде оның омырауына көз жүгіртсөніз, көп медальдар үстінен жеті орденін көрер едіңіз. Соның біреуі — Тәуелсіз Қазақстан Президенті өз қолынан тапсырыған “Парасат” ордені.

Зейнетке коса бейнетінің өзін парызындағы құптаған тоқсан жастағы абыз адамға:

— Қартайдым деп қажыма, еңбегің — ел аузында тозбайтын толғау! — дегеннен асып не айта аламыз, иншалла, расы да сол.

**Хамит ЕРҒАЛИ,**

*Қазақстанның халық жазушысы,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.  
“Қазақ әдебиеті”, 26 қыркүйек, 1995 ж.*

## АРТЫНА ӨЛМЕЙТҰФЫН СӘЗ ҚАЛДЫРҒАН

*Әбу Сәрсенбаевтың сексен жылдығында:  
Сен болсаң — қанат қақтың Атыраудан,  
Мен болсам — жүйткіп шықтым Баянтаудан.  
“Шалқыма” мен “Еділдің толқындары” —  
Құрдастар жан-жүректің нұрын сауған, —*

деуім шығармашылық шындық еді. Бұл екі дастан да 1937—38 жылдардың жыр перзенті болып дүниеге келген болатын. Ол жылдарда бірде-бір жаңа шығарма Қазақстан Жазушылар одағында оқылмай, талқыланбай, баспаға “шеру” тартпайтын. Әбу де, мен де әдебиетке, Жазушылар одағына сол жылдарда келten жас қаламгерміз. Менің “Шалқыма” дастаным оқылып, талқыланып, талап-тілектер ескеріліп, баспаға ұсынылған қуанышты қундерімде Әбудің “Еділ толқыны” да сондай қатал сараптан өтті. Қажым Жұмалиев, Тайыр Жароков, Қалмақан Әбдіқадыровтан кейін өз пікірімді, ризашылығымды білдірдім: “Еділ толқыны” — тек қана теңізде өсken, теңіз кешкен Әбу ақынға ғана тәn сәтті жазылған поэма. “Еділ толқыны” кітап болып басылып шықты, оқырмандар ризашылығына болсанді. Бұдан кейін жазған “Ақмаралдың жүрегі”, “Намыс ұлы”, “Ұлым туралы ой” поэмалары да сәтті дүниелер. Ақын сезім, ой-арман, қайырымдылық, адам жанын тани білуге ынтық келеді. Адамның болашағын болжамшыл етіп, жан иесін, жан жүйесін, енер тандауын парасатқа бейімдеп келеді.

1938 жылы Жазушылар одағы басқармасының төрағасы бол істейтінмін. Әбекен “Учпедгиздің” директоры. Мен 10-сыныпқа арналған хрестоматия (оқу-агарту наркомының тапсыруы бойынша) әзірлеп, баспа директоры Әбу Сәрсенбаевқа барған едім. Хрестоматиялық жазбаларды тапсырдым, қабылдап алды. Енді кетуге ыңғайланған берегенімде, Әбу:

— Дихан! Менің хатшым болып отырған ауызға бөлмедегі балаң жігітті көрдің ғой...

— Көрдім, сонда не?..

— Сол баланың аты Баубек, өлең жаза бастап, талаптанып жүр. Өнер шығатын жас.

— Бәрекелді. Айтқаныңыз келсін! Бізге жас таланттар қажет жылдар ғой бұл, Әбеке!

— Дихан, Жазушылар одағында жас ақындар мен халық ақындарына арналған үш айлық курс ашылады екен, рас па?

— Рас.

— Ендеши, сол курсқа Баубекті алсаң... Менің қабылдау бөлмемде телефонның құлағын бағып отыра берсе, ойында барын, болашақ дарынын жоғалтады ғой. Баубек! Баубек, мұнда кел! — деп дауыстады, жауап күтпей, өзі орнынан түрып барып, тобылғы өнді өрімдей толымды балаң жігітті ертіп келді де, менен жауап күтпестен, Баубекке: —Мына кісі Дихан Әблев, — деп таныстыруды.

— Дихан ағаны білем, өлеңдерін де, “Шалқыманы” да оқығам, — деді жігерлі, еткір мінезді Баубек.

— Бұл Дихан ақын ғана емес, Жазушылар одағының басшысы. Жас ақындар үшін үш айлық курс бар одақта. Соған барып оқитын бол!

— Барам! Барғанда қандай, Әбу аға, рахмет сізге! Курсына алғызыса, Дихан ағаға тіпті көп-көп рахмет, — деді Баубек қуанған, көмескісіз жігерлі үнмен.

Сонымен Баубекті курсқа алдық. Қажым, Есмағамбет сабак берді. Мұхаң мән Сәбен де лекция оқыды. Шығармашылық ақыл-кеңестер өткізді. Курсты бітірген соң Баубек “Лениншіл жас” газетіне, Мұқан Иманжанов “Соц. Қазақстанға” қызметке орналасты. Баубек курсты бітіріп, редакцияға қызметке орналасқанда, аққөңіл Әбекен туған ағасындағы қуанышпен үйіне бас қостырганында, Баубектің келешегінен жақсы үміткер күтетінін айтып, ақырында: “Жас қаламның қарымды, нанымды, көркем өрнекшіл болсын! Сәт тілеймін”, — деп Баубектің майдайынан сүйген еді. .

Баубек болса содан былай өлеңдерін газеттерге жариялай бастады. “Айсұлу” поэмасын жазуға кірісті. Ылаж не, соғыс басталып кетті. Әбу де, Баубек те, мен де майданға кеттік.

Соғыста да болдық. Әбүдің де, менің де Баубектен күткен үмітіміз: оның майдандағы жауынгерлігі өз алдына бір төбе, қаламгерлігі-ақ риза етті. Баубек Бұлқышевтың от ішінде, оқ астында орысша жазған “Я хочу жить”, “Коварство и любовь”, “Письмо сыну Востока”, “Слушай, Кавказ” және басқа мақалаларын “Комсомольская правдадан” бірінен соң бірін окопта, блиндажда оқып: “Е, бәсе, осындай болса еді біздің Баубек”, — деп сүйсіндік. Оның бұл туындылары ұлы жазушы Габит Мұсіреповке ұнағаны сонша, ол қазашаға жедел аударып, баспасөздерге жариялада отырды. Кейін мен құрастырып, Габит алғысөз жазған Баубектің еңбектері кітап болып шыққанда, Әбу Сәрсенбаев сол кітапты қолына алып отырып, өз үйіндегі жазушылық бөлмесінде:

— Қайран Баубек! Қайран жалынды жауынгер, жыр жүрек Баубек! Сенің өмірінді отаган ку соғыска, қанды қол фашистерге лағнет! — деп көзіне жас алып, кокірегіне басты. Сүйген жары, ақылды, есті әйел, белгілі журналист Ләзиза апай:

— Әбеке, қойсанызышы, өкініш те, көз жасы да Баубекті тірілте алмайды, Абайдың айтқаны бар емес пе еді: “Өлді деуге сыя ма, ойландаршы, олмейтүғын артына сөз қалдырган”. Баубек рухы мәңгі тірі. Сол қан майданды бастан кешкен Дихан екеуіңде әзірлеген дастарқаным күтіп тұр, жүріндер, — деп төрге шақырды. Бұдан кейін бір кездесуімізде, отырысымызда Отан соғысы тақырыбына жазылған шығармаларды әңгімелегенімізде, Әбу:

— Өзің отырғандықтан емес... Отан соғысы тақырыбына жазылған дүниелерімізде майдан шындығын әр қырынан, алуан, қаһарлы, қанды жағдайларды нанымды, көркем сипаттаған сенің “Майданбетің” ғой. Одан соң Мариямның “Мәншүгі”, Қасым Аманжоловтың “Абдолласы”, — деп рахаттанды.

— Әбеке-ау! “Майданбекте” “адамды адам қалай өлтірді” деген Майданбектің алғашқы жан түршігуін айтатын бір шумақ үшін мені Военный трибунал өлім жазасына — атуға бұйырғанда, сол “атылудан” аман алып қалған Мәлік айналайын, Фабдуллин еді. Әсіресе, майданның саяси басқарма бастығы, кең тынысты, келелі ойлы, парасатты генерал Дребеднев-ті. Мәліктің жатқан жері жарық, топырағы мамық болсын! Ал генерал Дребедневке нұр жаусын.

Әбекең ойланған қалды да:

— Сонда... Сен атылып кетсөң, қазақ жұрты, қазақ әдебиеті “Ақын арманысыз”, “Алтай аруларынсыз”, “Майданбексіз”, “Махаббат тағдырысыз” қалар еді. Мәліктің

рухына тағзым етейік! Қайран Мәлік! — деп көнілі босап, көзіне жас алды. Өксіп те жіберді. Мен отырып:

— Әбеке, өзіңізге аян, шығарманың бағасы қолемінде, жанрында емес, сапасында, сыр сиқырында, өрнек өнерінде, сезімдік дүниесінде десек, сіздің “Ақша бұлтының” Отан соғысы тақырыбына жазылған жырлардың ақ перштесі ғой,— дедім.

Расында, “Ақша бұлт” — махабbat, сағыныш жолындағы адам жүргегінің қыл пернесі, ыстық шындық. Өқырмандар сезімін, жан толқынын, жан сырын жеткізетін жан ләzzаты. Біздер, ақындар, бұрын тек қана саяси лирика жазумен болдық. Тақырыптарымыз: Октябрь революциясы, оның жеңісі мен жемісі, ұлттар достығы, 8 Март, 1 Май мерекесі, авиация, темір жол күндері, Совет Армиясы күні, егін салу, егін ору, астық тапсыру. Ленин, Сталин көсемдер мен Ворошилов, Каганович, Орджоникидзе, тағысын-тағылар туралы жыр толғанумен, өрнектеумен болдық. Ал махабbat, табигат, адамдар қарым-қатынасы, мінез-құлық, өнер жүйелерін еркін, сыршыл тақырыптарға тек қана Отан соғысында, от ішінде, оқ астындағы жауынгер ақын-жазушылар біздер бастап, елдегілер қостады. Әбудің жаңағы “Ақша бұлты” осының жан жүйесінің жас перзенті дер едім.

Енді бір оңаша отырысымызда Әбекең қазақ поэзиясының өскен өркендерінің әдебиетімізге не бергенін, неміз бар, неміз жоғына салиқалы ой жүгіртті де:

— Біздің поэзиямызда “Көкшетау”, “Құлагер”, “Құралай сұлу”, “Шалқыма”, “Тасқын”, “Майданбек”, “Мәншүк”, “Біздің ауылдың қызы”, тағы да басқалары әдебиетіміздің нұрлы игілігі. Ал Әбділданың “Сәкен монологы” — терен тебіреніс, — деп ерекше атап рахаттанды.

— Әбеке, сіздің өзіңіздің “Еділ толқынынан” бастап, “Намыс ұлы”, “Ұлым туралы ой”, “Жар рухымен сырласу” поэмаларының оқырман жүргегіне жол тапқан, тамаша әсер қалдырған, қадірлі туындылар. Әсіреле, соңғы “Жар рухымен сырласу” адам жанын тебірентетін, махабbat құдіретіне бас идіретін поэма.

— Е, солай ма өзі? Солай де, — деп біртүрлі күлімсіреп, жүзіме қарады да, — Дихан! — деді өзіне ғана тән қоңыр үнмен. — Поэзияда “Шаһнама”, “Русста кім жақсы тұрады”, “Демон” тәрізді өлеңмен жазылған романдар тұған халқының да, дүние жүзі поэзиясының да Бұланайлары. Ал біздің дәүірімізде, бізде өлеңмен жазылған романдар “Кім жазықты”, “Сұлушаш”, “Алтай жүрегі”, “Алтай асулары”, “Құрмангазы”— төрт алыш бар, бұлардың әрқайсысы өз алдына жыр

шалқары. Осы төртеуі бастаған өнеге бүгінгі талантты ақындарымыздың өлеңмен жаңа романдар жазуына салиқалы, тарихи мектеп қой. Иллаңи, өлеңмен жазылған жаңа романдар дүниеге келгей! — деді қазақ поэзиясының болашағына да қамқор Әбекен жарықтық!

— Тілегіңіз қабыл болсын, Әбеке!

1964 жылы “Ақын арманы” трилогиясының алғашқы кітабын жазып бітіріп, Жазушылар одағына апардым. Проза жанрында кеңесші болып істейтін Әбу қолжазбамды бірсыпыра жазушыларға, әдебиетшілерге оқытып алғып, талқылау үйимдастырды. Алдымен өзі оқып шыққан екен. Сол талқылауда Есмағамбет Ысмайылов, Қалижан Бекхожин, Фабдол Сланов және басқа жазушылар, сыншылар пікірлерін айтты. Әлжаппар Әбішев сонша риза болып:

— Сұлтанмахмұт бейнесі танымды да нанымды жазылған. Романың әсіресе тілі бай да көркем. Ақын жазғандығын жариялады. Бұл “Ақын арманы” баспа жыл сайын шығарып тұруына да тұрарлық роман, — деді.

“Ақын арманының” жаңағы бірінші томы жарық көргенде Әбекен біздің үйге келіп, қасында Ләзиза апай бар, құшақта, бетімнен сүйді. Бұдан кейін 1974 жылы “Ақын арманының” соңғы үшінші томы шыққанда өз үйіне шақырып, шығармашылығыма ризашылығын білдірді.

— Басқа қalamгер тұстастарымыздан бұрын прозада ірі дүние бердің, Дихан! Әсіресе, Сұлтанмахмұтқа кінә тақыш, мін тапқыш сыңар мінез, солақай да содыр, белсенді “сыншылардың” аузына құм күйдің. Сұлтанмахмұттың саналы бейнесімен сол тұстағы халқымыздың асыл арманын, ақыл-ой, сана-сезім, жігерінің сілкінісшіл күрескер тұлғасын сомдаудың бүгінгілерге де, болашак үрпактарға да үлгі-өнегеғой, — деді.

Сол сөзді, ақ ниетті Әбудің аузынан мұндай адад да әділ пікір естігенде қайтіп риза болмассын.

— Рахмет, Әбеке, рахмет!

Ал қайырымдылық деген Әбекенде баршылық болатын. Студент Қуандық Шаңғытбаевты, сырқат Қанипа Бұғыбаеваны, жесір Сәпенді үйіне жатқызып, асырап-сақтап, армандарына жетуіне жәрдемдесті. Әбудің қайырымдылығы бұл үшеуіне ғана емес, талантты талай жастарға жасалғанын білемін. Міне, осындай кіршікіз көңіл, жаны жомарт, аққөңіл Әбуден қолынан келер жақсылықтан басқаны кім күткен! Әрине, солай еді. Менің өзіме де, анау жылдарда шығармаларымның тезірек жарық көрүіне де, материалдық жағынан да жасаған жақсылығы үмыт болмақ емес.

1948 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Москвада

онқұндың өтетін уақыт жақындаған қалған түс еді. Онқұндықке қатысадын кім-кімге болса да қараждат керек. Төрт жарым жыл соғыста болған мениң құйім, әрине, онша оңалып кете қоймаған кез. А. Некрасовтың “Русъта кім жақсы тұрады” деген олеңмен жазылған романын аударып жүргенмін. Бұнымынды жақсы білетін Әбу “Учпедгизде” директор еді. Каражаттан қысылып жүргенімді айтқанда, жаңағы “Русъта кім жақсы тұрадыға” шарт жасап, 25 процент қаламақы бергізіп, “уң” дегізді. Онқұндықке көнілді қатыстым. Ал 1958 жылғы онқұндың ізінде “Жас азамат” деген шағын поэма мен өлеңдер кітабын шығарып жәрдемдесті.

Әбу ақын ғана емес, прозаик те. Оның қаламынан туған – “Толқында туғандар”, “Теніз әуендері” романдары, “Офицер күнделігі”, “Жауынгер монологы” повестері қазақ прозасы қазынасына қосылған елеулі туындылар. Әбу драматургияда да қалам тербетті. Орыс классиктері Пушкин, Лермонтов, Некрасов өлеңдерін аударып, өзінің ақындық өнеріне үлті ете білді. Ал Әбудің өз шығармалары, әсірсесе поэзиясы орыс, болғар, эстон, тәжік тілдерінде де сөйлеген, соған “болдым”, “толдым” деп асып-таспайтын да еді. Жанарына жарқ еткен бір ақынның шағын өлеңі түссе болды, оқып, іштей парасаттанып, пікірін айтатын, өзгенін де пікірін тындайтын. Бір гажабы, сондай ой - толғамдарын не топта, не жиналыстарда “айтқыштық”, “білгіштік”, “белсенділік” жасамайтын ерекше табиғаты болатын. Бұл мінезі Бейімбет Майлин ұстамдылығына үқсас еді. Әбекеңмен екеуіміз жиі кездесетін, сырласатын едік. Сексенінші жылдардың бір жазында серуендең жүр едік, Әбекен тұра қалды да:

— Дихан, қараши анау көкжиекке! Сен осы көкжиектің көрінісін, оған жетуінді ақынның арманымен сипаттапсын.

— Әбеке-аяу, менің ол көкжиегім табиғаттың көкжиегі ғана емес, шығармашылық көкжиегіміз ғой. Әлгіндей көкжиек бар жерге жетсөң, ол құбылып, жеткізбеске айналады. Сонда да құмартамын, асығамын, ол менің жас шағымнан ғашық әнім! “Балаймын алдыңдағы арманыма, алыста көкжиектер ашылғанын!” — деп, бір шығарманы жазып бітірдім десен, алдыңнан жаңа бір тақырып көрініс береді. Одан кейін тағы солай. Ирі ақын Сырбай Мәуленнің “Көкжиегі” табиғаттың көрінісі ғана емес, жазатын жаңа шығармалар көкжиегі, ақынға жаңа арман бол оралар философиялық толғам ғой, — дедім.

— Білем. Оқығанмын. Сыршыл ақын Сырбайға рахмет. Мен де ақындар арманының көкжиегі деп бағалаймын. Ал шынымынды айтсам, көкжиекті мен неге жазбадым екен деп те қоям ішімнен, — деді Әбекен.

— Бұныңызға шексіз нанам, Әбеке! Өйткені Қасымның “Абдолласын”, Әбділданың “Сәкен монологын”, Сіздің “Ақша бұлтты” мен неге жазбадым еken деу менің де ойымнан кетпейді. Өйткені Сіз сияқты мен де соғыста болдым. Тап ондай ақша бұлтты мен де көрдім. Менің де сүйген жарым егде, Алатау бауырында, Алматыда еді fой. Мына ақша бұлт сүйген жарымның маған жіберген орамалы шығар деп неге жырламадым еken деймін.

Мүмкін, мен жазғанмен де, Сіздің “Ақша бұлттай” өсерлі етіп жаза алмайтын шығармын. Сіздің “Ақша бұлтының”, Әбеке, қазақ поэзиясындағы махаббатқа ақ сүттей адал, нәрлі сезімімізді тебірентер ыстық сыр.

Ұлы Абай “Өлмейтуғын артына сөз қалдырған” деп қандай сөзге, қандай ақынға бағыттап айтты еken десек, мен “Ақша бұлтты”, “Ақша бұлтың” авторы Әбу Сәрсенбаевты айтар едім.

Сөйтіп... өзі арамыздан кетсе де, көптеген сөулетті де салауатты шығармаларымен Әбу Сәрсенбаев, өсіресе “Ақша бұлтты” жасай бермек, жасай бермек!

*Дихан-баба ӘБІЛЕВ,*

*Қазақстанның халық жазушысы.*

*“Егемен Қазақстан”, 2 қараша, 1996 ж.*

## АҚША БҰЛТТАЙ АҚПЕЙІЛ

Ақындарымыздың алды алпысқа келе бастады. Әдебиетті сүйетін осынау зерделі қауым кеше Асқардың, бүгін Әбудің алпыс жасқа толуын мерекелеп, мәре-сәре болып жатыр. Ал алпыс — ғұмыры жеткен кісінің соқпай кетпейтін биігі. Бұл жас қашаннан бері біреуге аз, біреуге көп көрінеді. Мәселен, бала көзімен қарасаң, алпыс жас — басына қар түсіп, қабағын қырау шалған қаһарлы биік. Етекте жүргенде біреу оған үрке, біреу жүрексіне қарайды. Шынында да, жақсы көретін аға ақынның бір кездегі қалың қара шашы сиреп еді. Көз алдына әжім дәл бір соқа жыртқан жердей боп, өмір соқпағының айғыздап тастаған абын-тұщы ізі жосылып жатады. Ақын өмірі — ауыр өмір. Аз жасаса да, көп жасаса да, ақын өзіне тиген сыйбағалы жасында басқа кіслерше рақаттанып өмір сүрген емес. Қыс айларының небір қар борап, жел азынап ұлышп тұрган ұзак-ұзак тұндерінде бүтін халық шырт үйқыда жатқанда да ақын кірпік ілмей шығады. Шам түбінде жалғыз сарылған ақын осынау тылсымдай тыныштықта өз бөлмесін өмірге толтырып алып, адам баласы мекен еткен арғы, бергі заман тарихын жалғыз шарлап із

кеседі. Ақын көз алдында өкірген көк долы теңіз тулап жатады. Көк толқын арасында кенерінен су құйылып малтыққан қайықта ажалмен арпалысқан жалғыз теңізші... Қандай көкбет қайсар! Одан бір кезде шеру тартқан қол жым-жырт меніреу даланы дүбірлетіп, қику салып өтеді. Онан соң жорықтар мен жортұылдар елестеп, қираған қалалар, апат болған тайпалар, уалаяттар, жігіт қаны, ананың жаржубайдың омырауын жуған көз жасына көңіл тебірентеді. Енді бір кез сүйгеніне қосыла алмаған жас қызы мен арманына жетпей кеткен жас ұлан хикаясына көңілін улат отырған ақын бүгінгі түнді де мігірсіз жөнелтіп салғанын, сырт жағынан таң атып, терезеден тускен күн сәулесін сезбей қалады.

Стол үсті қопыраған, шимайлап сыйылған қағаз беттері. Ақын қалжырап, бойын әрең қозғап, стол жаңынан түрекеледі. Кеше столға отырғандағысынан әлдеқайда қартайып қалған. Сүйікті перзентіне өз бойындағы ең асыл сезіммен бірге тағы да бір өмірін қоса берген; тұла бойындағы жастық жалынын да берген.

Бүгінгі ақын алпысқа кеп, көрілікке кәдімгідей мойын ұсынғанымен, осыдан 40 жыл бұрынғы уыздай жап-жас қалпын сіз оның шығармаларынан көресіз. Алғашқы ақ уыз маҳаббатынан бастап, ата-анасына, Отанына, туган жеріне деген небір шынайы асыл сезімі, өзінің пәктігі, мөлдір тұнықтығымен тап бір қатты соққан жүрек тынысындаі бол сол баяғы балғын жас қалпында қарап тұр.

Әрбір шын мәніндегі нағыз ақын секілді, Әбу шығармасында да өзіне тән ерекшеліктер көп. Біз соның екеуін ғана атап өтпекпіз.

Біріншіден, Әбу Сәрсенбаев — қазақ жазушыларының ішінде теңізді жырлаған кісі. Теңіз жыршысы. Айта берсөн, қазақ әдебиетінің топырағында тұңғыш рет Әбу ағаның теңіз мотивінде туған жырлары тыңдан жол салып жарып акты. Атырау толқыны қазақ даласына алғаш рет ақын ағаның жырымен ақжалданып, бүйраланып келді. Қазақ балықшылары жөнінде тұңғыш роман жазған Әбу аға. “Толқында туғандар”, “Капитан ұлы” соған айғак.

Сонымен бірге Әбу Сәрсенбаев — не жазса да табиғатынан лирик, мейлінше лирик ақын. Жасыратыны жок, әнебір кезде жалаң патетика, жалаң пафосқа көбірек басынқырап кетіп, көңіл күйін жырлауға құлықсыз журген шағымыз болды. Оған себеп те болды. Осыдан 20—25 жыл бұрын қарлы окопта, оқ астында жауынгер жолдасының өлігінің үстінен аттап жүрген солдат ақынды бір сәт, бір ғана сәт көз алдыңызға елестетіп көріңіші. Оның көңіл күйін байқап

көрініз. Бетіндегі бар түгін қырау шалған. Көкірегі кекке толы. Жеріне баса-көктеп кірген жаута деген өшпенділіктен, кектен, ызалы ашудан басқа сөз ауызға түспейтін ашулы кезде ақын Әбу өзінің көңіл қүйіне үңілді:

Уа, ақша бұлт, айтшы маған,  
Айтшы маған, келдің қайдан?  
Ақ төсіңен күн сүйгенде,  
Жарадың ба Алатаудан?  
Әлде Арқаның ару қызы  
Отырғанда кесте тігіп,  
Алдындағы ақ жіберін  
Әкетті ме жел көтеріп?  
Әлде Алатау ұшарынан,  
Мениң жандай сүйген жарым  
Бұрышына сәлем түйіп,  
Ұшырган ба орамалын?

Әнебір ел басына қатер төнген ең бір қыын кезде туған өлең. Соған қарамастан, көңіл тырнайтын не әлде тәніде тікендей қадалып, жаралы жаныңды қансыратып жатқан бір жол, бір сөз болсаши! Мұнда арманы үздіге аһ ұрып жатқан күрсініс те жоқ, қым-қиғаш ұрыста өзінің оқ ұшында түрган өмірін ойлап, тірліктен баз кешіп жатқан торығу, түңілу жоқ. Халық қеудесі кекке толы кезде жауынгер ақын қарлы окопта винтовкасын бауырына қысып отырып өмірге деген жүрек түбіндегі жылдылығын өзінің демімен үрлеп басып, артта қалған сүйген жарына, туған жеріне назды сағынышын әйгілі ақша бұлтымен жолдап жатты.

“Ақша бұлт” — ақын жүргегінің тереңінен тас бұлақтай жарып шыққан сұлу сазды, сыршыл лириканың қан майданнан ұшырган ақ шағаласы!

Әбу Сәрсенбаев өзінің табиғатынан, болмысынан биязы кісі. Ақынның өзі де ақша бұлт сияқты кісі жанына көленкे боп тиіп көрмеген жан. Қандай сезім тұсында тап келсөн де, ақын ағаның қоңыржай мінезі кемерінен асып төгілмей, бастапқы бір қалпында, бір теріге сыйып тұрады.

Әбу ақын ретінде де, азamat ретінде де оқшауырап түрган жан. Оқушы қауым ақын Әбуді таныса да, азamat Әбуді әлі тани қойған жоқ. Өйткені Әбу тым қарапайым, тым кішігейіл. Әдебиеттегі лайық орның мынау, ілгері барыңыз деп сүйресеңіз, ол кісі құдды желегі басынан түспеген жас келіншектей сәл ізеттің өзінен именіп, кейін қарай тартынақтап, қайда бір көзге түспейтін елеусіз жерде қалып қойып жүреді. Осы күндері газет, журнал бетіне, топ алдына ілігіп шығып жүргені де алпыстың арқасы, жасыратыны жоқ.

Әбу ақынның осы бір кішіпейіл, сыйпайы мінезі оның қаламынан туған шығармасына тән.

Міне, бүгін ақын ағамыз алпыста. Алпыс — ата жасы. Мұнда ұзақ жылдар көз майын тауысып жазу столының басында сарылған өз арамыздағы ең бір кішіпейіл жанның ұзақ кешкен өмір жолы жатыр. Ол бүгін ел көзін тіккен биіктіе, алты қырдың үстін басып тұр. Әлемдегі биік тау — Эверест, ол бүкіл әлемде біреу болғанмен, альпинистер оған әр түрлі жолмен шығып жүр. Алпысқа да адам әр түрлі жол, әрқылды әдіспен шығады. Адам өмірінің алтыншы қырқасына бауырынды жерге төсеп жыланша ирелендеп жорғалап та, қыранша ұшып шығып та жатады. Ақын кісі алпысқа екпіндеп ұшып қана шығады. Өмір жолы басында ата-ана бауырында туып-өскен баланың баршасына бірдей бол басталса да, бара-бара әркім өз соқпағын тауып, бірі тастан, бірі өткелден, бірі шөл, бірі қөлден жол тартады. Бұраландаң басталса да, соңыра қазіргі жалаң аяқ баланың бәрін осы биікке жетелеп әкеліп, айнала тәңірегіне көз салып, шолып өткізеді. Артында алты қыр жатады. О дағы өмірінің бір-бір биігі. Сен осы биікке кім бол көтерілдің? Абай айтқандай, ата баласы болдың ба өлде адамзат баласы бол, ұлы арман арқалап көтерілдің бе?

Әбу аға бұл сауалға өзі жауап берген:

Білмеймін мен — жаманмын ба, жақсымын,  
Мен келгелі бұл өмірге

Талай таңдар атып, талай батты күн.

Алтын таулар орнаттым деп мақтануға қақым жок,  
Еңбекпенен өтті әйтеуір менің жалын жастығым.

Ұзақ жасап, бітіргенім аз болса,

Сақалымның сата алмаймын ақтығын!

*Әбдіжәміл НҮРПЕЙІСОВ.*

*Толғау. Раздумье.  
“Жазушы”, Алматы, 1972 ж.*

## МОЙ СТАРШИЙ ДРУГ

### 1

Здравствуй, Абу!

Если человека узнал на войне, то узнал его таким навсегда. Другим он уже не будет.

Вместе с Абу Сарсенбаевым я прошел два года военного пути — от украинского городка Белолуцка до столицы Австрии. Я видел, как он до дна души был охвачен горем